

типінің бейнесі сол қоғамның көптеген қыр сырын, ішкі мазмұнын ашып береді. Ескішілер мен жаңашылдар арасындағы бітіспес қайшылық та табиғи түрде берілген. Кейіпкерлердің бейнесі бұнда шынайы түрде суреттелгендігін айту керек. Жалпы бұл жазушының шығармашылығын сыншылар мен зерттеушілер сатира мен юморға бай қаламгер ретінде бағалайды. Сондықтан бұл жазушының әңгімесіндегі кейіпкерлер, әсіресе, басты кейіпкерлердің мінезі мен болмысы сырттай жадағай көрігенімен, іштей үлкен тартыстарға құрылған.

Иран жазушысы Садық Һедаяттың «Бұралқы ит» әңгімесін идеялық-көркемдік ерекшелігі қазақ зертеушілерінің назарын аударған туындылардың бірі. Оның себебі аудармашының шеберлігі мен білгірлігі деп түсіндіреді. Зерттеушілердің айтуынша, Садық Һедаят Чехов үлгісінде әңгіме жазатын жазушылардың бірі. «Бұралқы ит» әңгімесін Чеховтың «Каштанкасынан» өзгеше қояды. Өзгешелігі болмыстың даралығында, кейіпкерлердің тамыры басқа ұғым, түсініктерден, мәдениеттен нәр алады. Зерттеушілердің осындай қорытынды жасауына аудармашының түпнұсқа идеясы мен эстетикалық құрылымын қаз қалпында жеткізе алуымен түсіндіреді.

Қорыта айтар болсақ, әдеби кейіпкерлердің, соның ішінде протагонист кейіпкердің психологиясын зерттеу бүгінгі таңда әдебиеттану, өнертану ғылымдарының негізгі міндеттерінің қатарына енеді. Тиісінше әр елдің әдебиеттану тарихында кейіпкер психологиясын зерттеудің өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері қалыптасты деп айтуға болады. Протагонист кейіпкердің психологиясы тұрғысынан зерттеліп саралануы қазақ әдебиеттануы үшін аса қажет, кезек күттірмей атқарылуы тиіс жұмыстардың бірі екендігі белгілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. жыл.
3. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Под ред. А. Н. Николюкина. — Институт научной информации по общественным наукам РАН: Интелвак, 2001. — Стб. 828 — 1596 с.
4. Пронягин В.М. Художественное постижение идеи русской соборности в прозе второй половины XX века. Философско-эстетические очерки. Владимир: Маркарт, 2002.
5. Павлов Ю.М. Художественная концепция личности в русской и русскоязычной литературе XX века. Москва: ИМЛИ РАН, 2003
6. Новожеева И.В. «Межедомки», «обсевки», «архаровцы»: образ человека, оторвавшегося от родной среды в деревенской прозе 1960-80-х годов. Научный журнал КубГАУ. Краснодар, 2006; 24 (8): 483 – 498.
7. Балаян И.Л. Проблема личности в рассказах М.А. Тарковского. Вестник АГУ. 2014; Вып. 1 (134): 135 – 139.

ӘОЖ 81:004.738

ҒАЛАМТОР ТІЛІ – ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕ ҚҰРАЛЫ

Курманбекова Зульфия Рахматдилдаевна

kurmanbekova.zulfiya@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 8D02305 – «Филология-қазақ тілі» мамандығының 1-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Сарекенова Қ.Қ., ф.ғ.к., профессор м.а.

Адам баласының ақпараттық ортада өмір сүретіндігі белгілі. ХХІ ғасырдың басында ақпараттық-технологиялар елімізде кеңінен өріс алды. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істеп жатыр [1]. Бағдарламада ІТ технологияларды қоғамның барлық саласына енгізу арқылы бәсекеге қабілетті, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу өзектілігі атап көрсетіледі.

«Адам–компьютер–адам» жүйесі дамыған сайын табиғи тілдің де қызметі арта бастады. Профессор А.К. Жұбанов қоғамның даму сатысы күрделенген сайын, ондағы ақпарат құралы қызметін атқаратын «тілдің» де дәрежесі айтарлықтай көтерілетіндігін қарастыра отырып, оның ерекшеліктерін былай баяндайды: «Компьютер мен адам арасындағы коммуникативтік жүйе арқылы мәтіндік ақпараттың адамнан компьютерге ауысу процесінде табиғи тіл оның көрінісі ретіндегі жазбамен алмасады да, ал керісінше, ақпарат компьютерден адам назарына ауысқанда, жазба мәтіннің компьютердегі көрінісі қайтадан таңбалардың психикалық кескін үйлесімінің бұрынғы қалпына келтіріледі, яғни ішкі тіл (внутренняя речь) қалпына ауысады» [2, 22 б.].

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы ғаламтор кеңістігін тудырды, бүгінгі күні ғаламтор қоғамдық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде өркениет дамуындағы негізгі құрал болып саналады.

Қазіргі таңда ғаламтор кәсіби сала болудан қалды, барлық қоғам мүшелері қатысатын қызмет түріне айналды. Ғаламтор тілі социумның бүкіл мүшелеріне ортақ, күнделікті қатынас құралы.

А.Б. Алимжанова өз жұмысында ғаламторға қатысты мына анықтаманы келтіреді: «Интернет – көпполярлы пікірді жинақтайтын, сұрыптайтын, қалыптастыратын, адамдардың ашық ортада қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін бәсеке алаңы» [3, 6 б.].

Тіл – қоғам өмірінің айнасы, тілдік деңгейдің әр тармағында мәдени құндылықтар сақталып жинақталған. Тіл қоғамда болып жатқан өзгерістерді бейнелейді, мәдениеттің дамуына өз ықпалын тигізіп отырады.

Ағылшын лингвисті Норман Фейрклау әлемдегі қазіргі тілдік ахуалды қарым-қатынас тілінің «технологизациялану» кезеңі деп атайды, оған дәл осы ғаламтордың қоғамның барлық саласында белсенді қолданылуын, ғаламтор тіліне тән лексиканың кең таралуын дәлел ретінде келтіреді [4, 193 б.].

Қазақ тілінде де қазіргі кезде ғаламтор кеңістігін білдіретін атаулар көптеп саналады. Әрине, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, дүние жүзіне таралуы ағылшынтілді елдерден, АҚШ-тан бастау алды, бұл ағылшын тілінің қазіргі ғаламтор қарым-қатынасындағы рөлін қамтамасыз етіп, күшейтті.

Компьютер мен ғаламтор экспанциясы басқа тілдерге, оның ішінде қазақ тілі де бар, ағылшын тілінің ықпалын күшейте түсіп, көптеген жаңа ұғымдарды енгізді, сонымен бірге орыс тілінің аралық рөлін ұмытуға болмайды.

Ғаламтор кеңістігін білдіретін лексиканы мынадай тақырыптық топтар арқылы ажыратуға болады:

1) компьютерлік құрал-жабдықтар атауы (*сканер, принтер, модем, монитор, дисплей, факс, плоттер, CD-ROM, DVD, ноутбук, ультрабук, нетбук*, т.б.);

2) бағдарламалық қамтамасыз ету (*жабдықтаманы, жасақтама, қамтым* деген жарыспалы нұсқалар да бар), операциялық және процессорлық жүйе т.б. түрлерін атайтын сөздер (*драйвер, интерфейс, макротар, мультимедия, пентийум, сервер, софт, стек, кэш*, т.б.);

3) ғаламтор желісіндегі атаулар (*админ, баннер (banner), веб-мастер, интернет-магазин, интерфейс, контент, онлайн, оффлайн, домен, логин, аккаунт, интерфейс, ip-адрес, сервер, сайт, блог, браузер, брэнддинг, индексация, модем, провайдер, портал, скрипт, тэг, фрэйм, хакер, хост, хостинг, чат, юзабилити, рунет, қазнет*, т.б.);

4) әртүрлі өлшем бірліктердің атауын білдіретін сөздер (*гигабайт, байт, килобайт, мегабайт, пиксель, кластер, слот, файл*, т.б.).

Компьютер саласында қазақы терминдер аздау болғанымен, кеңінен қолданысқа енгендері де бар: *ғаламтор, бағдарлама, бағдарламашы, желі, желілік, желі ішілік, жүктеу, бұғаттау, сақтау, пернетақта, тінтуір, аналық жад, қатқыл диск, жасақтама, жеке парақша* (жеке), т.б. [5].

И.С. Карабулатованың дерегіне сүйенсек, қазақ тілінен өзге әлем тілдерінің барлығында «интернет» сөзі қолданылады [6, 64 б.]. Біз өз тарапымыздан *ғаламтор* сөзінен аса бір оғаштықты көрмейміз, керісінше жалпы мағынада «интернет» сөзіне сәтті балама ретінде қабылдаймыз. Ал қазіргі тіл білімінде ғаламтор тілінің қауырт зерттелуіне байланысты туындаған *Интернет-дискурс, Интернет-қатынас, Интернет-мем* т.т. ұғымдарды сол күйінде пайдаланғанды жөн көреміз.

Қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде ғаламтор тілі қай қырынан зерттеліп жатыр? Ендігі әңгіме ғаламтор тіліне орай жазылған тіл біліміндегі кейбір жұмыстар жайында болмақ.

Қазақ тіл білімінде ғаламтор тілі енді-енді сөз бола бастады. Онда да ғаламтор тілінің ішкі ерекшеліктеріне емес, жалпы тілді шұбарлаудағы орны тұрғысынан қарастыратын еңбектер [7].

Ғаламтор тілі, оның сипаты, қызмет ету ерекшеліктері әлемдік тіл білімінде бірқатар зерттелді. Ғаламтор тілінің әдеби тілге тигізетін ықпалы, ғаламтордағы бейресми (чаттар тілі) және ресми сипаттағы қатынас тілі, жанрларының мазмұндық-тілдік құрылымы сипатталады. Қазіргі кезде әлеуметтік желі тіліне тілші-ғалымдар тарапынан ерекше назар аударылуда [8].

Зерттеуші Е.Н. Галичкина өз жұмысында қарым-қатынас жүйесіндегі компьютерлік коммуникацияның орнын анықтауға тырысқан. Дискурс, қарым-қатынас ұғымдарын негізге ала отырып, компьютерлік немесе электронды дискурстың негізгі айырым-белгілерін теориялық жағынан нақтылауға ұмтылады. Ғалымның ойынша, дискурс дегеніміз – жан-жақты күрделі ұғым, оны бірнеше аспектіде қарастыруға болады. Коммуникативтік аспектіде дискурс – вербалды қарым-қатынас, құрылымдық-семантикалық тұрғыдан – ауызекі сөйлеудің бейвербалды ұйымдасуы, әлеуметтік-прагматикалық жағынан – қатынас жағдайына түскен мәтін ретінде сипатталады [9].

Е.Н. Галичкина компьютерлік дискурстың мынадай айқын белгілерін атап өтеді:

- 1) қарым-қатынас арнасы ретіндегі электронды сигнал;
- 2) виртуалдылық;
- 3) қашықтық (кеңістік пен мезгілдік бөлінісі);
- 4) құралдық (техникалық құралдар арқылы жүзеге асуы);
- 5) жоғары дәрежедегі ықпал етуі;
- 6) гипермәтіннің болуы;
- 7) компьютерлік мәтіндердің креолдылығы;
- 8) қатынасушылардың теңдік дәрежесі;
- 9) эмоция, ым-ишара, түрлі сезімдердің бейвербалды құралдар арқылы берілуі;
- 10) әртүрлі дискурс типтерінің комбинациясы;
- 11) ерекше компьютерлік этика [9].

Интернет-дискурстың маңызды сипаты ретінде оның жанрларының көптігі зерттеушілер тарапынан сөз болып жүр. Ғаламтордағы қарым-қатынас кеңістігі өзіндік жанрды тудырушы ерекше ортаға айналды, бұл ақпараттық ортаның байи түсуіне де ықпал етті. Кезінде М.М. Бахтиннің жанр ұғымына берген «...коммуникативтік қызметінің бірлігі, сонымен бірге композициялық және стилистикалық белгілерінің ұқсастығы негізінде біріккен мәтіннің тұрақты типі» [10, 237 б.] деген анықтамасын негізге ала отырып, ғаламтор жанрларының мазмұндық сипаты мен тілін зерттеу маңызды болып қала бермек.

Ғаламтор тілін талдау үшін Д. Кристал мен Л.Ю. Иванов ұсынған ғаламтор жанрларының топтары зерттеушілердің қызығушылығын тудырады, өйткені бұл топтастыруда жанрға топтастырудағы ұйытқы белгілер толық қамтылған.

Д. Кристал ғаламтордың мынадай жанрларын атайды: электронды пошта, синхронды және асинхронды чаттар, виртуалды әлем, бүкіләлемдік тор [11].

Аталған жанр түрлері өзіндік тіл ерекшеліктерімен сипатталады, әрқайсысының өздеріне тән композициялық құрылымы болады, ол тақырыбынан, мәтін мазмұнынан көрінеді.

Ғаламтор жанрларына қатысты қызықты талдауды Л.Ю. Ивановтың жұмысынан аңғарамыз.

Л.Ю. Иванов өз классификациясында мынадай топтарға назар аударады:

1. Жалпыақпараттық жанрлар немесе жаңалықтар жанры. Интернеттегі БАҚ дәстүрлі «қағаздағы» жаңалықтардың баламасы ретінде және қағаз түрінде шығарылмайтын өзіндік желілік БАҚ болып бөлінеді.

2. Ғылыми-көпшілік және арнайы ақпараттық жанрлар (электронды ғылыми еңбектер және оқу құралдары, интерактивті оқу курстары, виртуалды университеттер мен факультеттер т.т.).

3. Көркем-әдеби жанрларының ғаламторда барлық түрі кездеседі. Олардың толығы негізінен дәстүрлі әдеби туындылардың желіге енгізілуі тұрғысынан жүзеге асады, сонымен бірге тек ғаламторда жазатын жазушылар да кездеседі.

4. Ғаламтордағы көңіл көтеру жанрлары. Оларға юмор немесе эротика бағыты жатады.

5. Арнайы және кәсіби емес бағыттағы жанрлар. Бұларға түрлі дискуссиялық топтар, чаттар жатады. Сондай-ақ қонақжазбалар, электронды поштадағы хаттар, элеуметтік сайттар да осыған енеді.

6. Іскери және коммерциялық жанрлар (кәсіби және кәсіби емес хабарландырулардың коммерциялық тақтасы, нарыққа аналитикалық шолу, ақпараттық хаттар, ірі компаниялар (корпоративті желілер) сайтындағы ақпараттар, олар жарнама ғана емес, техникалық және танымдық сипатта болуы мүмкін, баннерлер).

Сонымен бірге Л. Ю. Иванов жанрларды таза желілік, яғни желілердегі тілді пайдаланушылармен туындайтын (пікірсайыстық топтар мен чаттар), және қарым-қатынастың басқа салаларынан ғаламтор арқылы енгізілгендер (ғылыми-техникалық мақалалардың аннотациялары немесе электронды БАҚ-тың үздік жарияланымдары) деп бөлуді ұсынады [12].

Қазіргі кезде ғаламтор тек ақпаратты жеткізу құралы емес, сондай-ақ жаһандық тұрғыдан адамның танымдық бағыт-бағдарын айқындап отыратын маңызды құралдың бірі. Адам ғаламтор (желі) арқылы пайдалы ақпарат ала алады, саяхат жасайды, жұмыс істеп пайда табады, келісімшарт жасасады, мүдделері ортақ жандармен сұхбаттасады, қысқасы, өздерінің коммуникативтілік қажеттіліктерін желі арқылы өтейді. Ғаламторда жергілікті желілер арқылы таралатын мына жанрлар белсенді қолданысқа ие: 1) чат-коммуникация; 2) форум-коммуникация; 3) электронды-пошта коммуникация; 4) блогтар, уики жобалар және т.б.

Аталған жанрлардың бәрінде тіл ауызша не жазбаша түрде тікелей қатысады, желіде пайданылатын тілдің өзіндік функционалды типін құрайды, ғаламтор тіліне деген лингвистердің қызығушылығы осы арада туындайды.

Әрине, жоғарыда сөз болған жайттар ғаламтор тіліне қатысты барлық мәселелер лингвистикалық шешімін тапты деген сөз емес. Әсіресе қазақтілді Интернет-контенттің қалыптасуына орай қазақ тіл білімінде өзекті болып саналатын тақырыптар жетерлік. Интернет-дискурстың қалыптасу тетіктері, оның ішінде, ғаламтордың ішіндегі «ғаламтор» – элеуметтік желінің тілі, қазіргі тіл біліміндегі парадигмалар тұрғысынан қарастыру, стилистикалық әртүрлілігі, желі тілінің ауызша және жазбаша қарым-қатынас белгілерін тұтастырған функционалды ерекшелігі, вербалды және бейвербалды бірліктері т.т. талдау талқысына салатын мәселелері де жетерлік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. – А., Қазақ университеті, 2007. – 204 б.
3. Алимжанова А.Б. Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар. Философия докторы дәрежесін үшін дайындалған диссертация. А., 2019, – 130 б.
4. Fairclough, N.L. Linguistic and Intertextual Analysis within Discourse Analysis // Discourse and Society. – Lnd, 1990, 193-217 бб.
5. Үдербаев А. Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454>
6. Карабулатова И.С. Инозычная и национальная терминология: геополитическая вызов современного мира? // Шеттілдік терминдерді игерудің халықаралық тәжірибесі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Нұр-Сұлтан, 2021, 63-68 бб.
7. Жұматаев Е. Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты // Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1 (122), 2018, 50-57 бб.
8. Горошко Е. И. Современная Интернет-коммуникация: структура и основные параметры // Интернет-коммуникация как новая речевая формация: коллективная монография / науч. ред. Т. Н.Колокольцева, О. В. Лутовинова. – М.: Флинта: Наука, 2012. – 328 б.
9. Галичкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках (на материале жанра компьютерных конференций): Канд. дисс. авторефераты. Волгоград, 2001.
10. Бахтин, М. М. Эстетика словесного творчества /М.М.Бахтин. – М.: Наука, 1979.
11. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge, 2001. – 272 б. // <https://www.cambridge.org/core/books/language-and-the-internet/25A063BB182BF1582C6876B83DDCEE7A>
12. Иванов Л.Ю. Язык Интернета. Заметки лингвиста www.ivanoff.ru/rus

ӘОЖ 811.512.122

МӘТІННІҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Кунева Қарлығаш Елеусизовна

Kuneva_K@cpj.nis.edu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 7М02305 – “Қазақ филологиясы”
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., доцент м.а. С.С.Шоқабаева

Мәтін лингвистикасы қазіргі кезде мәтінді тілдік, қатынастық құбылыс ретінде контекстік және құрылымдық тұрғыдан қарастыратын тіл білімінің бір бағыты болып отыр. Әдетте тіл білімінде «мәтін» ретінде жалпы кез-келген әңгімені, мыңдаған жолдан тұратын дастанға, көп томдық кітапқа дейінгі көлемі шектелмеген тілдік туындыны қарастырамыз. «Мәтін лингвистикасының нысаны ретінде аяқталған біртұтас көлемді немесе шағын мәтіндер және мәтіннің тұлға-бірлігі ретінде танылатын күрделі фразалық тұтасымдар, яғни мәтіннің кішігірім бөліктері алынады. Тұтас макроәтіндерге газет, ғылыми журнал мақалалары, монография,